

Әкім гранты жас
мамандарға арналады
2-бет



Аудан бюджеті
3-бет

Үміт артар
боксшылар
8-бет



КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 83 (7869)
Сәрсенбі,
04 қараша 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

Қазақстан - 2050

ҰЛТТЫҚ ЧЕМПИОНДАР

«Бәсекеге қабілетті көшбасшылар – ұлттық чемпиондар» бағдарламасына қатысатын орта бизнес компаниялары бағдарламаға қатысу кезеңі ішінде елде бірқатар жаңа өндірістерді құруға ниетті. Бұл туралы Астанада сәрсенбі күні «Бәйтерек» холдингінің Басқарма Төрағасы Қуандық Бишімбаев ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте хабарлады.

Атап айтқанда, 3-5 жыл ішінде бағдарламаның қатысушылары Қазақстанда бұрғылау қондырғылары өндірісін, қуат трансформаторлары өндірісін іске қосуды, автомобиль аккумуляторларының жаңа брендін әзірлеуді, үлкен автобустар өндірісін іске қосуды, балалар тағамын өндіру бойынша жаңа зауыт, май дақылдарын өндіру бойынша зауыт, құс етін өндіру бойынша жаңа зауыт, гипс-картон және құрғақ құрылыс қоспаларын шығаратын зауыт салуды, газбетондық блоктар мен мәрмәр өндірісін іске қосуды жоспарлар отыр.

«Ұлттық чемпиондар» бағдарламасы 2015 жылғы көктемде басталғаны белгілі. Бүгінгі күні шамамен 30 компанияны іріктеу және оларды диагностикалау кезеңі аяқталды. Қазіргі уақытта қатысушы компаниялар үшін әзірленген даму бастамаларын енгізу кезеңі іске асырылуда. Таңдап алынған кәсіпорындарды қаржылық, институционалдық және консультациялық қолдау жүзеге асырылып жатыр.

«Қазіргі уақытта «Бәйтерек» холдингі 16 млрд. теңге сомасына сегіз компания үшін қаржылық қолдауды мақұлдады», - деп өтті Қ. Бишімбаев.

«Орта бизнестегі көшбасшы-компанияларды қолдау үшін «Ұлттық чемпиондар» сияқты бағдарламаны іске қосу бойынша ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасының арқасында көптеген компаниялар мемлекет тарапынан елеулі қолдау алды. Атап айтқанда, біз бағдарлама шеңберінде Шымкент қаласында кернеу сыныбы 220 және 500 кВ болатын қуат трансформаторларын өндіру бойынша Қазақстанда алғашқы зауыт салуды жоспарлап отырмыз», - деп мәлімдеді «Alageum Electric» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Еркебұлан Илиясов.

Естеріңізге сала кетейін, «Бәсекеге қабілетті көшбасшылар – ұлттық чемпиондар» бағдарламасына қатысу үшін «Бәйтерек» холдингі «McKinsey&Company» халықаралық консалтингтік компанияның қызметкерлерімен бірігіп, 300 қазақстандық компания ішінен жобаға әрі қарай қатыстыру үшін шамамен 30 компанияны таңдап алды. Бағдарлама мақсаты өңірлік және әлемдік деңгейдегі компанияларды қалыптастыру жолымен шикізат секторының бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған өндірістерді құру болып табылады. Осы бағдарлама Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасын іске асыру шеңберінде әзірленді. Бағдарлама тұжырымдамасы АҚШ, Франция, Германия, Сингапур, Малай елі, Жаңа Зеландия сияқты елдерде қолданыстағы қолдау бағдарламаларының тәжірибесі ескеріліп әзірленді.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы Жарлығына сәйкес құрылды. Холдингіті құру мақсаты ұлттық экономиканы дамыту мен әртараптандыру, инвестицияларды тарту, кластерлерді дамыту және оның еншілес ұйымдарында корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру болып табылады. Холдингке кіретіндер: «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстандық ипотекалық компания» АҚ, «ҚазЭкспортГарант» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ, «Kazyna Capital Management», АҚ, «Бәйтерек девелопмент» АҚ, «Қазақстанның ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ және «Мемлекеттік-жеке иелік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ЖШС. Холдинг осы компаниялардың акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және оларды пайдалану құқығына ие.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»
АҚ баспасөз қызметі.**

Қайырымдылық акциясы

КЕМТАР ЖАНДАР ӘРҚАШАНДА ҚАМҚОРЛЫҚҚА МҰҚТАЖ

Тұла бойы мейірімділік пен қайырымдылықтан тұратын біздің халықтың өміріне енген нарықтық жағдай етек-жеңімізді жыйдырғанмен болмыс-бітімімізге ондай үлкен өзгеріс енгізе алған жоқ. Жақында аудан әкімдігі мен прокуратураның қолдауымен Катонқарағай ауылында өткізілген «Қайырымдылық - жылы жүрек-тен» атты мерекелік іс-шара міне, осыған тағы да бір көзімізді жеткізді. Біріккен Ұлттар Ұйымының ұйғарымымен белгіленген мүмкіндігі шектеулі адамдардың мерекесі күні қарсаңында талантты кемтар балалардың және он сегіз жастан асқан мүмкіндігі шектеулі жастардың қатысуымен Катонқарағай ауылындағы Мәдениет үйінде мерекелік концерт қойылды. Оған кейбір кәсіпкерлер, жеке азаматтар күнібұрын демеушілік жасаса, енді бірі шараға арнайы келіп, балалардың өнерлерін тамашалап, ақшалай көмектерін көрсетті. Мұндай жаны жомарт, жүректері мейірімге толы жандардың қатарында жеке кәсіпкер Ирина Слесарева, аурухана ұжымы, Катонқарағай ауылдық округі жанындағы ардагерлер кеңесі, жеке азаттар мен азаматшалар Күлзира Құдиярова, Сағи Мамырбек, Ринат Жаманбаев, Мейір Орынбаев, Станислав Гаврилов, Жанар Большманова, Жанат Жанұзақов тағы басқа көптеген ұжымдар мен жеке адамдар бар.

Мерекелік іс-шара қос жүргізушінің бойды шымырлатып, көзге жас үйірілген кіріспе сөзімен басталып, тәрбиешілері сахнаға Ержан Шыңғыс, Әмірбек Ералы мен Әмірбек Нұралыны алып шықты. Олар мүгедектер арбасында отырып еліміздің бас әні - Өнұранды айтты. Оларға бүкіл зал орында-

рынан тұрып, қол соғып қошамет көрсетті. «Аист на крыше» биін орындаған жартылай стационардың қызмет алушылары Абзал Нұрсабитов, Азамат Күшімбаев, Светлана Гордеева, Игорь Окуньков, Айнұр Сатпаева, Жанар Раисова, Сержан Чекар, Әзекен Дәлелбектердің өнерлеріне де көрермендер сүйсіне қол соқты. Осы мерекелік шараға мүмкіндіктері шектеулі жандармен өткізілген республикалық «Нұр Астана» фестивалінің жеңімпазы, Еңбек ауылының тұрғыны Гүлдана Сақытова да қатысты. Ол осы жолдар авторының «Катонқарағайды таныстыру» атты өлеңін мүдірмей жатқа оқыды. Үйде арнайы әлеуметтік көмек алып отырған Екатерина Серкова, Сая Бағдолла қазақтың «Қара жорға» биімен сахнаға шықты. Оларға Балым Қадылбекова мен Азиза Қасымханова қосылып өнер көрсетті. Нөмірлер арасында іс-шараны жүргізушілер Самат Мұқашев пен Назира Асылбекова жыл сайын адамдардың жүректеріне жылылық ұялатып, кемтарларға қамқорлық жасаудан аянбаған Дариға Исабаева, Нығмет Шаукин, Сәуле Тоқанова, Аян Нығметов, Валентина Боранбаева, Рахат Әлкенова, Айман Жанұзақова, Көксеген Кемпірбаев, Ғалия Смағұлова, Гаухар Ағажаева, Рақымғали Тоқышев, Айсара Байгереева, Қадыр Қапышев, Асқар Сүбебаев, Болат Жексенбаев сынды көптеген кәсіпкерлердің аттарына жылы лебіздерін білдіріп отырды.

Мерекелік концертке қатысушылар мен көрермендерді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің меңгерушісі Лаура Тоқсанова, осы саланың үйде



әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің меңгерушісі Гүлбар Тіленчинова, аудан прокурорының орынбасары Айгүл Абдулова бүгінгі мерекемен құттықтап, өнерпаздарға шығармашылық табыс, жақсы денсаулық тіледі. Айгүл Жұмаханқызы өз сөзінде:

-Қолдау мен көмек барлық адамдарға қажет, ал мүмкіндігі шектеулі жандар айналасындағы жандардың қамқорлығына, жүректерінің жылуына өте мұқтаж. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың біздің қоғамның, басшы азаматтар мен азаматшалардың алдына мүмкіндіктері шектеулі жандарды қоғамнан шеттетпеуді басты міндеттердің бірі етіп қойып отырғандығы да тегіннен-тегін емес. Аудан әкімдігі мен прокуратураның қолдауымен ауданымызда бірінші рет өткізіліп отырған бүгінгі мерекелік іс-шара келешекте де жалғастырыла береді,- дей келе, концертке қатысушылардың барлығына Мадақтама парағын табыс етті.

**Жәнібек Қызыр.
Суретте: республикалық
«Нұр Астана»
фестивалінің жеңімпазы
Гүлдана Сақытова.**

Аудандық «Арай» - «Луч» газетіне жазылу басталды!

Жазылымды барлық пошта байланысы бөлімшелерінде ресімдеуге болады. Газеттің индексі: «Арай» - 6 айға - 19075; «Луч» - 19077; «Арай» - 12 айға - 19076; «Луч» - 19078. Назар аударыңыз, жаңалық: енді аудандық «Арай» - «Луч» газетін Өскемен қаласының және облыстың басқа да қалалары мен аудандарының тұрғындары жаздыра алады. ШҚО бойынша қалалар мен аудандар үшін газеттің жазылу бағасы, оның ішінде Катонқарағай ауданы бойынша бір жылға - 2799,97 теңге, 6 айға - 1399,99 теңге. Өскемен қаласының тұрғындары үшін бір жылға - 2438,09 теңге, 6 айға - 1219,05 теңге.



ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Катонқарағай ауылдық округінің барлық елді мекендерінде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев белгілеп берген жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап беретін, сонымен бірге бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда ұлттық дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі жоспары - 100 нақты қадамды тұрғындарға түсінікті етіп жеткізуге арналған тұрғындар жиындары болып өтті. Оларда ауыл әкімі Амантай Балтабаев баяндама жасап, маңызды құжаттың негізгі мазмұнын көпшілікке түсінікті етіп жеткізді. Ауыл тұрғындары 100 қадамның әрбір бөліміне жете ой жіберіп, түсіністікпен қарап, қанағаттанғандық сезімдерін білдірді. Е. Рыков атындағы орта мектептің директоры, аудандық мәслихат депутаты Бауыржан Тоқтағанов, Шыңғыстай ауылының тұрғындары, зейнеткерлер Амантай Кісекин, Аманжан Нұқсара т.б. бірінші қадамдағы «Мемлекеттік қызметке қабылдау рәсімдерін жаңғырту. Мемлекеттік қызметке қабылдау төменгі лауазымдардан басталуы тиіс», - делінген нұсқауды ерекше бағалады. Сонымен бірге олар жемқорлықпен аяу сөз күрес жүргізуді, медициналық мекемелердің қызметін қолжетімді етуді, полиция бөлімдерінің тура жергілікті билікке бағынатындығын да аса маңызды санайтындықтарын айтты.

Катонқарағайда өткен ауылдық жиынның соңында «Берел» тарихи-мәдени қорық мұражайының директоры Ерен Жұмағұловтың зейнет демалысына шығуына байланысты құрмет көрсетіліп, оның орнына тағайындалған Жангелді Ахмадиев көпшілікке таныстырылды. Жангелді Жәнібекұлы өзінің Берел ауылының тумасы екендігін, жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейін де алғашқы еңбек жолын өзіміздің ауданымызда бастағандығын айта келіп, барлық күш-жігерін ауданымыздың дамуына жұмсауға, құнды жәдігерлерімен халқымыздың бай тарихын әлемге танытып отырған «Берел» тарихи-мәдени қорық жайының жұмысын одан сайын жандандыруға сөз берді.

ТАБИҒАТ ЖӘНЕ БІЗ

БІРЛЕСІП ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУҒА КЕЛІСТІ

Жұмыр жерді мекендеген барлық адамзат баласы үшін ортақ дүниелер қанша болса, міндеттер одан да көп. Солардың бірі-табиғатты, қоршаған ортаны қорғау. Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ұжымы табиғатты қорғауда көршілес аудандар мен көршілес елдердегі әріптестерімен бірлескен жұмыстарды жүргізіп келеді. Табиғи апат та, аң-құс та, браконьерлер де шекараға қарамайды. Сондықтан, табиғи апаттың алдын алу мен салдарын жою, жануарлар дүниесін қорғау бірлескен қажырлы еңбекті қажет етеді. Мәселен, өткен жазда Катонқарағай мемлекеттік табиғи ұлттық паркінің Ресей Федеративтік республикасымен шектесетін аймағының Ресей жағынан қатты өрт шықты. Көрші елдің табиғат қорғаушылары жер қиындығынан ол жерге жете алмайтын, өрт сөндіру құралдарын апара алмайтын болғандықтан, Катонқарағай МҰТП қызметкерлері барып, табиғи апатты «ауыздықтаған» болатын. Алдағы уақытта да төтенше жағдайлар кезінде міне осындай біріккен іс-қимылдарды



мекемелері қызметкерлерінің бастарын қосып, өздерінің базасында семинар-кеңес өткізді.

Бұған дейін Ресейден келген қонақтар Қазақстанның территориясынан өздерінің айналымдарына көз салып, байқап шықты.

Жиналғандар алдында Катонқарағай МҰТП-нің бас директоры Е. Мұстафин баяндама жасады. Ол өз сөзінде табиғи апаттар, оның алдын алу мен зардаптарын жоюда жасалатын іс-қимылдар жөнінде әңгімелеп берді. Сонымен бірге, ол әріптестерін емдік қасиеті бар шөптерді заңсыз жинаушылармен, құрт қазушылармен бірлесіп күресуге шақырды.

Семинарда Ресей мемлекеттік табиғи қорығының инспекторлары Алексей Казанцев, Сергей Чанов, Ярослав Кизиллов, Герман Ракин, Күршім орман шаруашылығының директоры Ғани Алпысшапов, Катонқарағай МҰТП директорының орынбасары Қайырхан Ахмадиев өз ой-пікірлерін ортаға салды. Бір күнгі семинар-кеңестің нәтижесінде шекаралардағы табиғи апаттардың алдын-алу мен зардаптарын жоюда бірлескен іс-қимыл жасауды одан ары күшейту келісілді. Алыс айналымдардағы шекаралар түбіне шағын үйлер салу да жоспарланды.

Материалдарды даярлаған: Жәнібек Қызыр.



ұйымдастыруды мақсат еткен ұлттық парктің әкімшілігі қыркүйек айының соңғы күндерінің бірінде Ресейдің «Катунский» мемлекеттік-табиғи биосфералық қорығының, Күршім, Марқакөл орман шаруашылықтары коммуналдық мемлекеттік

ӘКІМ ГРАНТЫ - ТАЛАПТЫ ЖАСТАРҒА АРНАЛАДЫ



Елімізде облыс әкімі білім беру гранттарының бағдарламасы 2000-шы жылдар соңында бастау алған. Оның мақсаты – аз қамтылған отбасылардың дарынды балаларына жоғарғы білім алуына мүмкіндік беріп, ауылдық жерлерде кәсіптік кадрлар жетіспеушілігін шешу болып табылады. Облыс әкімінің гранты аудандарда жетпей жатқан педагог және дәрігер мамандықтары үшін беріледі. Ұлттық Бірыңғай тестілеуде қалаған мамандығына балы жетпей қалған мектеп түлектерінің білім ақысы облыстық бюджетінен төленеді. Міне, биыл жоғары оқу орындарын осындай жеңілдікті пайдаланып бітірген бірқатар түлектер туған жерге оралды. Сонымен қатар, олар мемлекет Басшысының бастамасымен қолға алынған “Дипломмен ауылға” бағдарламасы бойынша жұмысқа кірісті.

Олардың бірі – Айжан Тоқтыбаева, Өскемен қаласындағы С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің география факультетінде білім алып, педагог мамандығын игерді. Бүгінде ол туып-өскен жері – Малонарым ауылындағы орта мектепте география пәнінің мұғалімі болып еңбек етуде.

– Бүгінде жоғарғы білімнің бағасы өте қымбат. Оның ақысын менің ата-анам түгел төлей алмайтын еді. Сондықтан, облыс әкімінің гранты мен үшін үлкен мүмкіндік болды. Ұстаздық жолды таңдап, өз ауылыма келгеніме еш өкінбеймін. Жұмысым өзіме ұнайды. Жалақыма көңілімнен шығады. Тәжірибелі, білікті ұстаз-әріптестерім маған үнемі ақылдарын айтып, бағыт-бағдар беріп, өздерінің бай тәжірибелерімен бөліседі. Өз кезегімде жас ұрпаққа сапалы білім беруге бар күшімді салып, ұлағатты ұстаз атануға тырысамын, - дейді жас маман Айжан Тоқтыбаева.

Жас маман мемлекет тарапынан берілетін көтерме ақыға құжаттар дайындап жатыр. Ол қаражатты қайда жұмсайсың де-

ген сауалымызға: «Өскемен колледжінде ақылы негізде оқып жатқан сіңілімнің оқуын төлеуге және анама көмектесіп, қысқа даярлық жасауға жұмсаймын» деді.

Қолынан келгенше адал қызмет етуге әзір жас маманның барлық арманы орындалып, ұлағатты ұстаз атанарына сенімдіміз.

Айжан сынды мектеп бітірген әрбір жастың арманы – жақсы маман иесі атанып, өмірден өз жолын табу. Ол үшін олар кәсіптік колледжге немесе жоғары оқу орнына түсу қажет. Талапты жастар үшін жыл сайын мемлекеттен білім гранттары бөлінгенімен оған екінші бірінің қолы жете бермейді. Ондай мүмкіндікке тек өз білімін толықтай дәлелдеген талапкерлер ғана қол жеткізеді. Сол себепті жастардың көпшілігі ата-анасының көмегімен ақылы білім алады. Ал баласын ақылы негізде оқытуға шамасы жетпейтін отбасы балалары үшін жыл сайын облыс әкімінің гранты беріледі. Бұл болашаққа деген жоғары мықты, сенімді зор, мүмкіндігі жоғары, талапты жастарға ашылған



жол, зор қолдау болып табылады. Мұндай игі бастама жалғасын тауып, бүгінде облыс әкімінің гранты бойынша ауданымыздан 16 бала Семей қаласындағы медициналық академияда және Өскемендегі ШҚМУ-да жоғарғы білім алуда. Яғни, алдағы

жылдары ауданның білім беру және денсаулық сақтау салалары тағы 16 жоғары білімді мамандармен толықпақ.

Жанар Қасымханова.
Сурет автордікі.

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі 32/254-V шешіміне 3 қосымша
Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №28/206-V шешіміне 5 қосымша

2015 жылға арналған аудандық бюджетті атқару барысында секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі
(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында.)

Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
		Атауы		
04		Білім беру		1907002,0

	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	0,0
		003	Жалпы білім беру	0,0
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	1907002,0
		004	Жалпы білім беру	1907002,0

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі 32/254-V шешіміне 4 қосымша
Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №28/206-V шешіміне 6 қосымша

2015 жылға арналған аудандық бюджетке облыстық бюджеттен түскен нысаналы ағымдағы трансферттер және даму трансферттері

Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
		Атауы		
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	150801,0
04			Білім беру	37940,0
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	0,0
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	0,0
		471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	32505,0
		028	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	32505,0
		466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	5435,0
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	5435,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	35940,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	0,0
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	0,0
		471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	716,0
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	716,0
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	35224,0
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	31830,0
		052	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	3394,0

07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	68260,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	68260,0
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	40340,0
		006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	27920,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	2000,0
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	0,0
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	2000,0
		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2000,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	6661,0
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	0,0
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	0,0
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	6661,0
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	0,0
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	0,0
		009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	6607,0
		047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	54,0

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі 32/254-V шешіміне 5 қосымша
Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №28/206-V шешіміне 7 қосымша

2015 жылға арналған аудандық бюджетке Республикалық бюджеттен түскен нысаналы ағымдағы және даму трансферттері

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	
		II. Шығындар			978738,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер			4946,0
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты			92,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер		92,0
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты			608,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер		608,0
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты			2689,0
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер		2689,0
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі			0,0
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		0,0
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі			0,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		0,0
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі			404,0
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		404,0
	454	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі			560,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		560,0
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі			444,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		444,0
	494	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі			0,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		0,0
	471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі			149,0
		001	Жергілікті деңгейде білім, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		149,0
02		Қорғаныс			102,0
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты			102,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар		102,0
04		Білім беру			339402,0
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты			118959,0
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету		5218,0
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға		113741,0
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі			0,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		0,0
		003	Жалпы білім беру		0,0
		006	Балаларға қосымша білім беру		0,0
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға		0,0
	471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі			220443,0
		004	Жалпы білім беру		158256,0
		005	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру		3589,0
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға		56324,0
		028	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру		2274,0

	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	0,0
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	0,0
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	60818,0
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	0,0
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	0,0
	471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	65,0
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	65,0
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	60753,0
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	345,0
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	2865,0
	025	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	21307,0
	050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	11869,0
	052	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	24367,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	509893,0
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	161,0
	016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	161,0
	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	509732,0
	005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	273452,0
	006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	236280,0
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	8402,0
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	0,0
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	0,0
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	0,0
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	0,0
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	0,0
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	0,0
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0
	478	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	8230,0
	001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1417,0
	004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	285,0
	009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	4912,0
	007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	1616,0
	454	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	172,0
	015	Туристік қызметті реттеу	172,0
	480	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) туризм бөлімі	0,0
	001	Жергілікті деңгейде туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0
	004	Туристік қызметті реттеу	0,0
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	54945,0
	474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	0,0
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	162,0
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	162,0
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	7215,0

(Жалғасы газеттің 8-бетінде)

Ресми бөлім

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Кеше аймақ басшысы Даниал АХМЕТОВТЫҢ төрағалығымен облыс әкімдігінің мәжілісі өтті. Өңірдегі суармалы егістік жүйесін қайта жарақтау, 2015 жылғы жол-құрылыс жұмыстарының қорытындысы мен көлік қатынасының қысқы маусымға дайындығы қаралған жиында қосымша үш мәселе талқыланды.

Суармалы жерлерді игерудің жай-күйі жөнінде облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Асуат Насыров баяндады. Оның айтуынша, облысқа тиесілі 200,7 мың гектар суармалы жердің бүгінде 50 мың гектары қорда жатыр. Ал шаруашылық нысандарының меншігіндегі 150,7 мың гектар алқаптың тек 79 мыңы ғана игеріліп отыр.

Өткен жылы өңірдегі барлық суармалы егістік жүйесіне түгендеу жүргізіліп, кемшіліктер анықталған. Қолда бар гидротехникалық құрылғылар мен арналарды толықтай іске жарамды ету үшін 20 млрд. теңге қажет деп пайымдаған. Мәселен, жалпы ұзындығы 672 шақырымға тең 46 магистральдық арна 92,6 мың гектар алқапты суаруға қауқарлы. Алайда, оның 556 шақырымы жарамсыз жағдайға жеткен. Су ресурстарын басқарудың 2014–2020 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес біздің өңірдегі 18 су шаруашылық нысанын қайта жарақтау көзделіп отыр. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін 14 жоба дайындалған. Бұл жобаларға 15,7 млрд. теңге қарастырылған. Ал қалған төрт нысанды іске жарамды деңгейге жеткізу үшін тағы 9,5 млрд. теңге қажет. Осылайша алдағы төрт жыл көлемінде 25,3 млрд. теңгеге 18 гидротехникалық нысан жөнделіп, қайта қолданысқа берілуі тиіс. Бұл жобалар өңірдегі суармалы жер көлемін кем дегенде 60,9 мың гектарға арттыруы тиіс.

Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2014 жылдан бері Зайсан ауданында бір жоба, Тарбағатай ауданында екі жоба, Үржар ауданында үш жоба іске аса бастаған. Зайсан ауданы барлық жұмысты аяқтап, нысанды қолданысқа берді. Қалған бес жоба келер жылы аяқталады. Ол үшін бюджеттен 1,5 млрд. теңге қарастырылған. Басқарма су ресурстары комитетінің алдына аталған жобалардың қатарына Шар және Үйдене су қоймаларын да енгізу жөнінде ұсыныс көтеріп отыр. Түгендеу барысында бос жатқаны анықталған 72 мың гектар жерді мемлекетке қайтару шаралары басталып та кеткен. Суармалы жердің қаңсып қалуына жол берген аудандардың көшін Бесқарағай бастап тұр. Мұнда суаруға жарамды жердің 83 пайызы игерілмеген. Одан кейінгі орындарда Семей қаласы, Көкпекті, Тарбағатай, Ұлан, Үржар, Күршім аудандары жайғасқан. Өзірге анықталған бос жердің 9,7 мың гектары қайтарылып үлгерді. Алдағы уақытта осы алқаптардың бір бөлігін инвестициялық жобаларға ұсыну көзделуде.

Облыста ірілі-ұсақты 120 гидротехникалық құрылғы бар. Оның көбі жылдар бойы иесіз қалып келген болатын. Бүгінде аталған нысандар «Шығыс су қоймалары» мекемесінің меншігіне енген. Оларды мемлекет балансына қайтару жұмыстары баяу жүріп жатқанын айтқан А.Насыров жөндеуді талап ететін нысандардың тек ірі дегендері ғана мемлекеттік бағдарламаға еніп, кішігірім нысандар қараусыз қалып жатқанын жеткізді.

– Көріп отырғанымыздай, қолдарыңызда игерілетін суармалы жерден қанша өнім түсетіні жөнінде ақпарат жоқ. Жауындатып суарылатын тоғыз мың гектар жердің үш мың гектардан астамында ғана заманауи технология қолданылады екен. Технология жаңармай, өнімділік артпайтыны түсінікті. Әуелі игерудегі жерге озық технология тартып алу керек. Ал мемлекет есебінен ақша бөлуге асықпау керек, – деді облыс басшысы Даниал АХМЕТОВ.

Аймақ басшысы бұл істе жергілікті әкімдерді Тарбағатай ауданынан үлгі алуға шақырды. Аталған аудан әкімі Ділдәбек Оразбаев алдағы уақытта Өзбекстаннан тағы 120 отбасын көшіріп әкелуді көздеп отырғанын мәлім етті.

– Пайдаланылмай жатқан суармалы

жерлерді іске жаратудың екі жолы тұр. Бірі – Тарбағатай ауданы сияқты оңтүстік өңірлер мен көрші елдердегі жер өңдеуге икемді қандастарды тарту. Екіншісі – жермен жұмыс істей білетін, қолында қаржысы мен озық технологиясы бар инвестор тарту. Жердің қабілетті иесі табылмай ондағы ин-фрақұрылымға мемлекеттен тиын да бөлінбеуі керек, – деді аймақ басшысы.

Суармалы жерлерді игеру жобаларын инвестициялық форумға ұсыну ісі аудан, қала әкімдеріне тапсырылды.

Өз иелігіндегі гидротехникалық құрылғылардың жағдайына «Қазсушар» кәсіпорнының директоры Мұхамедкәрім Мәдиев тоқталды. Облыс басшысы кәсіпорын директорына басталған жобалардың уақтылы әрі сапалы орындалуына мән беруді тапсырып, алда өтетін инвестициялық форумға ұсынылатын суармалы жер көлемін нақтылау ісінде ауыл шаруашылығы басқармасымен бірлесіп жұмыс істеуді жүктеді. Жолдарды жөндеу келер жылы да жалғасады.

Осы жылы атқарылған жол-құрылыс жұмыстарының қорытындысы және алдағы қыс маусымына дайындық туралы облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Әсет Сұлтанов баяндама жасады.

Оның айтуынша, биыл облыстағы жолдарды жөндеу үшін жергілікті бюджеттен 10,8 миллиард теңге қаражат бөлінген. 160 шақырым жолға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, негізінен орташа жөндеуге мән беріліпті. Сондай-ақ, 608 жол белгісі орнатылып, 1480 шақырым жолға шектеу сызықтары түсірілген. Жолдарды қысқа әзірлеу мақсатында 625 миллион теңге қарастырылыпты. Жанар-жағармай мен қатты отын қоры бүгінде толық дайын. Басқарма мамандары әсіресе, қар жиі алып қалатын, көшкін түсетін Зырян, Катонқарағай және Күршім аудандарындағы жол телімдерін басты назарда ұстамақ. 721 техниканың қазіргі кезде 656-сы сақадай сай тұр. Қалғандары алдағы айдың онына дейін жөнделіп бітеді. «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамы облыстық филиалының директоры Серік Ақтанов та есеп берді. Облыс аумағындағы республикалық дәрежедегі жолдарды жөндеуге ағымдағы жылы ел қазынасынан 12 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінді. Қаржы негізінен Омбы – Майқапшағай және Таскескен – Бақты жолдарының учаскелерін жөндеуге бағытталған. Мұнымен қоса, осы жылы жолдарды қалыпқа келтіру ісінде заманауи технологиялар қолданылғанын да айта кеткен орынды. Аталмыш мәселемен жіті танысқан аймақ басшысы Даниал АХМЕТОВ жуырда «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамының басшылығымен кездескенін, нәтижесінде кәсіпорын келер жылы облыстағы жол жөндеу жұмыстарын әрі қарай қарқынды жалғастыратынын алға тартты. Айталық, былтыр Осинов асуынан «Көгілдір бұғаз» демалыс базаларына дейінгі жолға, Өскемен – Семей трассасының кем дегенде 100 шақырымдық бөлігіне, Аягөз – Ақсуат жолының 70 шақырымына, Шемонайха қаласынан Ресей шекарасына дейінгі жолға орташа жөндеу жүргізіледі.

– Екі аптаның ішінде облыстағы аса күрделі жол телімдері бойынша өзара іс-қимыл туралы ұсыныстарыңызды әзірлеп, маған ұсынуларыңызды тапсырамын. Бірлескен жүйелі әрекет төтенше жағдайлар департаменті, «Қазавтожол» мекемесі мен облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы арасында болуы тиіс. Өңіріміздегі аса маңызды, әрі ауыр учаскелер белгілі, олар – Самар тасжолы, Өміш, Байбура, Осинов асулары және тағы басқалар, – деген облыс әкімі Даниал АХМЕТОВ ауа райын болжайтын мамандардың айтуынша, алдағы қыстың күрделі болатынын да тілге тиек етті.

Келер жылы Өскемен – Алматы, Өскемен – Астана бағытындағы жолдарды жөндеу жалғасады. Бұл бағыттардағы жұмыстар Елбасының «Нұрлы Жол» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, 2016 жылдан бастап орташа жөнделетін жолдардың үлесі 30 пайызға артпақ. Аймақ

басшысы тиісті ведомство мамандарына Зырян ауданы, Снегириха ауылы маңындағы көпірді және Өскемен – Семей жолы бойында орналасқан Привольное ауылының іргесіндегі көпірді жыл соңына дейін қалыпқа келтіруді қадап тапсырды. Осинов асуын айналатын жол құрылысы да жүргізіледі, сонымен қатар, асудың өзі де орташа жөнделіп, жолдың ені ұлғаяды.

Жетекші теологтарға арқа сүйеу қажет

Мәжілісте Ұлан және Бродулиха аудандарындағы діни ахуал талқыға түсті. Ұлан ауданы әкімінің міндетін атқарушы Дәулет Батырбаев ешбір елді мекенде діни көзқарасына байланысты медициналық екпелер мен денешынықтыру сабағынан, әскери борышын өтеуден бас тарту фактілері тіркелмегенін айтады. Ғибадат үйлерінің барлығы жергілікті демеушілердің қолдауымен күн көріп отырғанын айтқан аудан басшысы мешіт қызметкерлерінің еңбекақысы уақытында берілмей қалатын кездер болатынын да жасырмады. Атымтай азаматтардың арқасында ғибадат ғимараттары уақытында жөндеуден өтіп тұрғанын тілге тиек еткен Д.Батырбаев аудандағы діни ахуал тұрақты екенін жеткізді.

Ал Григорий Акуловтың айтуынша, Бродулиха ауданында 19 діни бірлестік ресми түрде тіркелген. Бұған дейін заң талабына сай емес баптистік бағыттағы бірлі-екілі діни бірлестіктің қызметіне тыйым салынғанын атаған ол жазалау мекемелеріндегі жағдай да тұрақты бақылауда екенін мәлім етті. Ал жастарды діни арандатулардан сақтандыру мақсатында ақпараттық үгіт-насихат топтарын пайдаланып қана қоймай, «сенім телефондары» іске қосқан. Ауданда «Сенім телефондары» туралы ақпаратты коммуналдық қызмет квитанциялары арқылы тарату тәжірибесі сәтті енгізілген.

Облыс әкімі Даниал АХМЕТОВ біздің ел заңырыл мемлекет болса да, дәстүрлі діндерге басымдық берілгенін, дін бағытындағы барлық жұмыс осы басымдыққа негізделу керектігін ескертті. Сондай-ақ ол облыстағы діни идеологияны қалыптастыратын бірден-бір орган дін істері жөніндегі басқарма екенін баса айтты. Бұдан былай үнпарақтар мен естелік-ақпараттар таратумен шектелмей, еліміздегі жетекші теологтардың қатысуымен мазмұнды кездесулер, семинарлар өткізуге күш салыну қажет.

Тұрақтандыру қоры азық-түлік түрлерімен толық қамтылды

«Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы төрағасының міндетін атқарушы Нұрлан Нифметов облыстағы барлық қоймалар тиісті азық-түлік түрлерімен жүз пайыз толтырылғанын мәлім етті.

Тіпті өсімдік майының мөлшері тиісті деңгейден көп болып шыққан. Қоймаларда 338 мың тонна күнбағыс майы бар. Семей қаласына арналған «Приречное» агрофирмасының және Өскемен шаһарын қамтуды көздейтін «Батай» шаруа қожалығының, Ұлан ауданы, Макеевка ауылындағы «Ұлан Жеміс» серіктестігінің қоймаларына бүгінгі таңда қажетті тауар түрлері толық жеткізілген. Өнімдер облыс орталығында «Жәрдем», «Фрешмаркет» сауда орындары және 11 арнайы дүңгіршек арқылы саудаланады. Семей шаһарында 87 сауда нүктесі жұмыс істейді. Мұның бәрі – азық-түлік бағасын ауыздықтау мақсатында атқарылған ауқымды шаралар.

Аймақ басшысы атқарылған жұмысқа қанағаттанатынын жеткізіп, ендігі міндет – сол өнімді талапқа сай сақтап, азық-түлік құнының өсуіне жол бермеу екенін айрықша атап өтті.

Сондай-ақ, кәсіпкерлік және индустриялды-инновациялық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Мағаша Сайдүақасова облыстағы кен пайдаланушылардың осы жылдың бірінші жартысындағы жұмысы туралы ақпарат берді.

**Есімжан Нақтыбай,
Ержан Әбіш.**

ҚҰҚЫҚ

АУҚЫМДЫ ШАРАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНУДА

Облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омардың қатысуымен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қызметін қолдау, сондай-ақ, әлеуметтік және басқа да көмек көрсетуді ұйымдастыру бойынша облыстық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Комиссия отырысында жазасын өтеуші азаматтарға әлеуметтік-құқықтық және басқа да көмек түрлерін көрсету бойынша атқарылып жатқан іс-шаралар барысы талқыланды. Жиында сөз алған Қылмыстық атқару жүйесі комитеті төрағасының орынбасары, әділет генерал-майоры Мейрам Аюбаев пробацация туралы түсінік беріп өтті.

– Пробацация – шартты соттылықтың бір түрі. Онда сотталушы сынақ мерзімінің уақытында сотпен бекітілген арнайы органдардың қадағалауына тапсырылды. Сонымен қатар, жазасын өтеуші адамға қосымша шектеулер қойылуы мүмкін. Мәселен, белгілі жерлерге бармау, белгіленген тұлғалармен қарым-қатынас жасамау сияқты шектеулер қойылуы мүмкін, – дейді Мейрам Аюбаев.

Еліміз пробацацияны халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, 2012 жылдан бастап қолданысқа енгізген. Бұл тәсіл негізінде қоғамдағы қылмыстардың саны едәуір азайып, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету деңгейі өсті. Пробацациялық қадағалауда 1586 адам тұрса, олардың 161-і – әйел адамдар. Ал он бесі – көмелеттік жасқа толмаған балалар. Облысымызда биыл 4075 жазасын өтеуші абақтыдан тыс жерде жауапкершілікке тартылуда. Бүгінгі таңда жалпы 2292 адам сотты болса, олардың 1087-сі пробацациялық қадағалауда тұр. Олардың ішінде әйелдер мен көмелеттік жасқа толмаған балалар да бар.

Облыстық қылмыстық-атқару жүйесі департаменті басшысының орынбасары Миржан Смағұловтың айтуынша, 617 сотталушыға тегін медициналық көмек көрсетілген. Жазаланушылар арасында еңбекке тарту бойынша екі мәрте жәрмеңке

өткізілді. Бұл туралы облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының басшысы Айжан Садықова баяндады.

– Жазасын өтеу бойынша тіркеуде тұрған азаматтарды еңбекпен қамту мақсатында аудан, қалаларда әртүрлі шаралар жүзеге асырылып жатыр. Соның нәтижесінде 125 адам жұмысқа орналасса, 26 адам оқып жатыр. Бүгінгі таңда 56 адам ғана жұмыссыз. Жалпы пробацация негізінде жазасын өтеушілерді жұмысқа тарту үшін республикалық деңгейде де ауқымды шаралар қолға алынуда, – дейді Айжан Садықова. – Қазіргі уақытта облысымыздағы қыл-мыстық-атқару жүйесі департаментінде 31 пробацациялық қызмет жұмыс атқаруда. Олардың он үші қалалық жерде, он сегізі аудандарда қызмет етеді.

– Комиссия отырысы әр тоқсанда бір рет өтіп, атқарылған шаралар талқыланады. Ал комиссия мүшелері белсенді жұмыс атқармайтын болса, орындарын ауыстыруы қажет, – деп қорытындылады кездесуді облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар.

Жуықта пробацация жүйесі туралы Өскеменде «Penal Reform international» халықаралық ұйымымен бірігіп тренингтер өткізілді. Тренингке аудандық және қалалық пробацация қызметкерлері мен Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарының қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлері қатысты. Сонымен қатар, Молдова Республикасынан пробацация қызметінің төрағасы В.Поп шақырылды. Өскеменде кең көлемде алғаш рет ұйымдастырылған тренингте В.Поп өз тәжірибесімен бөлісті. Қатысушылар пробацацияның бағытымен, түрлерімен танысты. Олар – сотқа дейінгі пробацация, үкім шыққан пробацация, ювеналды пробацация. Осы сала қызметкерлері өз тәжірибелерімен бөлісті, басқа мемлекеттердегі пробацацияның дамуынан хабардар болды.

Мерей Қайнарұлы.

Сұраңыз. жауап береміз

ӘСКЕРДЕН ЖАЛТАРҒАНДАР ҮШІН ҚАНДАЙ ЖАЗА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН?

– Әскер қатарына ресми түрде шақырылған, яғни, шақырту қағазын алған бозбала еш себепсіз комиссариатқа барудан бас тартса, ол қандай жауапқа тартылады? Айыппұл төлей ме, әлде соттала ма?

Шыңғыс Қарашаев.
Жарма ауданы.

Бұл сауалға Шығыс Қазақстан облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті баспасөз қызметінің бастығы, аға лейтенант Шынар Дюсупова жауап береді:

– Көктем мен күз мезгілінде Қазақстан азаматтарын әскерге шақыру басталады. Жыл сайын өтетін бұл науқан кезінде мыңдаған азамат әскерге шақырылып, Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады. Осы жылдың көктемінде облыс бойынша мыңға жуық азамат әскер қатарына алынған еді.

Әр жылдың көктем және күз айларында өткізілетін әскерге шақыру кезінде әскерге алынатын жас азаматтар тарапынан қалыс қалу әрекеттері де кездесіп жатады. Әскери қызметтен жалтару әрекетіне байланысты 2014 жылдың 3 шілдесінде №226-V кодексімен қабылданған Қылмыстық кодексте арнайы аттас бап бар. Осы жылдың 1-қаңтарынан бастап қолданысқа енген Қылмыстық кодекстің 326-бабы бойынша мынадай жаза белгіленген:

1. Осы қызметтен босату үшін заңды негіздер болмаған кезде әскери қызметке шақырудан жалтару – екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

а) өзінің денсаулығына зиян келтіру арқылы;

ә) ауруды сылтаурату жолымен;

б) құжаттарды бұрмалау немесе өзге де алдау арқылы жасалса, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы ретте бапта мынадай ескерту бар екенін атап өткен орынды. Егер әскерге шақырылушы тергеу органы істі сотқа бергенге дейін әскерге шақыру пунктіне өз еркімен келсе, ол қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Әзірлеген Ержан Әбіш.

Коммуналдық тарифтер

ТӨЛЕМАҚЫНЫ ЕКІ ЕСЕГЕ АЗАЙТАДЫ

Нарықтың өз заңдылықтары бар. Баға, шығындар, үнемдеу... Бұл – бүгінде коммуналдық шаруашылықтардың тарифтеріне тән нәрсе болып отыр. Облыстың көптеген коммуналдық кәсіпорындары миллиондаған шығынмен жұмыс істеп келеді. Мәселен, бір ғана Курчатов қаласының «Водоканал Курчатов» МКК ай сайынғы шығыны 8,4 млн. теңгені құрап отыр. Мұның барлығы тарифке әсер етері сөзсіз.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының ТҮКШ бөлімінің басшысы Юрий Халитовтың айтуынша, коммуналдық тарифтердің өсуі заңдылық, әрі қажеттілік. Өйткені, коммуналдық коммуникациялар жөндеу жұмыстарын қажет етеді. Әрі шығындары да шаш етекпен.

– Коммуналдық төлемдердің қалтаға салмақ салатыны рас. Алайда, тұрғындар ең алдымен пәтерлерге орнатылған есептеу құрылғылары арқылы сол төлемдерді еке есеге төмендетуге болатындығын ескергендері жөн. Осылайша отбасылық бюджетті үнемдеуге болады. Дегенмен, облыс тұрғындарының жартысынан астамы есептеу құрылғыларын пайдаланбайды. Демек, қалталары көтереді. Аз төлеу үшін есептеу құрылғыларын орнату қажет, – дейді бөлім басшысы. Пәтерлерге бір текше метр суық суды жеткізу мен пайдаланылған суды тазарту ғимараттарына жеткізудің құны қандай? Жоғарыдағы «Водоканал Курчатов» кәсіпорны бір текше метр суды жеткізу мен тазарту үшін 388 теңге (171 теңгені жеткізуге және 217 теңгені тазартуға) жұмсайды. Алайда, кәсіпорынға орташа 132 теңге (және 60) алуға рұқсат етілген. Бірақ тұрғындар бір текше метр үшін 100 теңгеден аспайтын сомма төлейді. Бұл – есептеу құрылғылары бар тұрғындарға арналған баға. Ал есептеу құрылғылары жоқтар бүгінгі күннің өзінде кісі басына мың теңгеден артық төлеп отыр. Өйткені, есептеу құрылғылары жоқтарға кәсіпорын жеті текше метрден артық субөлдік деп есептейді. Курчатовтың коммуникациясы 50 мың тұрғынға арнап тартылған болса, онда тұратындардың саны бүгінде он мыңнан ғана асып жығылады. Мұндай желілерді ұстап тұру кәсіпорын бюджетіне салмақ салып отыр. Қаладағы кәсіпорындар су мен көріз жүйесі үшін

тұрғындардан үш есе артық төлейді. Мұнда өндірістік және оған теңестірілген кәсіпорындарға, бюджеттік ұйымдарға, жылу энергетикалық кәсіпорындарға бөлек тарифтер қарастырылған.

Юрий Халитовтың айтуынша, кәсіпорын тұрғындарға суды жеткізуде көп жеңілдік жасайды. Кәсіпорын шығынсыз жұмыс істеуге көшу үшін тұрғындардан жұмсалған бір текше метр су үшін 65 теңге, өндірістік кәсіпорындардан 279 теңге, Ұлттық ядролық орталық пен Қаражырадан 347 теңге алуды, ал оны тазарту ғимараттарына жөнелту үшін тұрғындардан 99, өндірістік кәсіпорындардан 853 теңге алуды ұсынып отыр. Егер табиғи монополияларды реттеу департаменті осы трифті бекітсе, есептеу құрылғылары жоқтар суық су үшін кісі басына екі мың теңгедей төлеуге мәжбүр болмақ. Осыдан-ақ, есептеу құрылғыларды орнатуға кететін шығын ай сайынғы суық су үшін төленетін шығыннан әлдеқайда жоғары екендігін көруге болады.

Облыс орталығында ағымдағы жылдың бірінші маусымынан есептеу құрылғылары бар тұрғындар бір текше метр суды жеткізу үшін 50,4 теңге, бір текше метр суды тазарту ғимаратына жіберу үшін 43 теңге төлейді. Есептеу құрылғысы жоқтарға кісі басына 854 теңге қарастырылған. Риддерде бір текше метр су есептеу құрылғылары барларға – 22 теңге, көрізге жіберу – 16 теңге, құрылғылары жоқтарға – 473 теңге.

Ең арзан жылу Өскеменде

Облыс коммуникацияларының орташа 70-80 пайызының тозығы жеткен. Сондай-ақ, коммуналдық қызмет көрсететіндердің жаалақысы төмен. Осыған орай алдағы бес жылда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын тиімді жұмыс істеу тәртібіне көшіру жоспарланып отыр. Мәселен, «Өскемен-Водоканал» МКК 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі инвестициялық бағдарламасын бекітіп, алғашқы екі жылда сумен қамту жүйесінің 149 және көріздің 42 километрін қайта жаңғыртуды, сондай-ақ, 4,6 шақырым оптикалық кабель тартуды жоспарлап отыр. Аблакетка, Казачий, Самсоновка және 14 көріз, тоғыз су көтеру станцияларының бос тоғандарының су тарту құрылғыларын жаңартуды көздеп отыр. Осылайша, 2021 жылға қарай су шығыны 16 пайызға төмендемек. Жөндеуді қажет ететін 248

шақырым желі 99 шақырымға азайып, электр энергиясын тұтыну 47,4 млн. кв/сағаттан 44,2-ге төмендейді.

Ең азран жылу энергиясы Өскемен қаласында өндіріледі. Жеке тұлғалар мұнда бір шаршы метр жерді жылыту үшін 46 теңге төлейді. Семейде бұл сомма – 57, Риддерде – 58, Курчатовта – 76, Зырянда – 81 теңге.

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы мамандарының сараптамасы көрсетіп отырғандай, Курчатов қаласының «КМЭП» кәсіпорны жылына 65 млн. теңге шығынмен жұмыс істеп отыр. Кәсіпорын өз шығындарын өзі ақтау үшін бір гигакалория жылыды 6500 теңгеге сатуы керек. Алайда, оған рұқсат етілмейді. Бүгінде мұнда бір гигакалория жылудың бағасы орташа есеппен – 4548 теңге, тұрғындар үшін – 4022 теңге. Кәсіпорын тығырықтан шығатын жол іздеп отыр.

Семейдің «Теплокоммунэнерго» МКК 2011-2013 жылдар аралығында жыл сайын 900 млн. теңге шығынмен жұмыс істеді. Өткен жылы отынды дотациялағанның өзінде кәсіпорын шығыны 686 млн. теңгені құраған. Соған қарамастан екі жыл бойы бір гигакалория жылу үшін орташа тариф бағасы 3654 теңгеден асқан жоқ. Дегенмен, мұндай көлемдегі шығынмен жұмыс істеу тиімсіз. Осылайша кәсіпорын тарифтерін көтеруге мәжбүр болды. 2016 жылдан бастап бір гигакалория жылудың бағасы тұрғындар үшін бүгінгі 3041 теңгеден 3649 теңгеге, 2017 жылы 4014, 2018 жылы 4415 теңгеге көтерілмек. Бұл келесі жылдан бастап екі бөлмелі қарапайым пәтердің жылу ақысы шамамен сегіз мың теңге болады деген сөз.

– Бұл соңғы әрі нақты шешім емес. Жылуды, суды, жарықты үнемдеудің бірқатар технологиялары бар. Бүгінде облыста жалпыұйлік жылуды есептеу құрылғыларын орнату бағдарламасы қолға алынды. Осы арқылы да әр үй тұтынған жылуды ғана төлеу арқылы үнемдеуге қол жеткізе алады. Сондай-ақ, автоматтандырылған жылу пункттері кіріктірілуде. Олар ауа температурасына орай жылу беруді реттейді. Бір сөзбен айтқанда, үнемдеудің жолдарын іздестіру белсенді түрде жүргізілуде, – дейді Юрий Халитов.

Лаура Тілеубайқызы.

ОБЛЫС АУДАНДАРЫНДА

«Ауқардың» меншікті тілшілері хабарлайды

ҚАЛА ЖАСТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

С.Аманжолов атандағы ШҚМУ-дың «Назарбаевтану» орталығында Өскемендегі қоғамдық пікір көшбасшылары қала жастарымен кездесті. Басқосуды Өскемен қалалық жастар орталығы өткізді.

Елбасы Жолдауын және «100 нақты қадам» Ұлттық жоспарын жастарға түсіндіру мақсатында ұйымдастырылған басқосуға облыс орталығының белсенді азаматтары қатысты. Жиында жастарға мемлекеттік қамқорлықтың артып келе жатқандығы айтылды. Шарада сөз сөйлеген оқытушылар мен ғалымдар елдің болашағы жастардың қолында екендігін, кейінгі буынның алаңсыз білім алуына мемлекет барынша жағдай жасап жатқандығын жеткізді.

ӨСКЕМЕН.

Құқықбұзушылықтың алдын алу

ШАҒЫМДАР ҚАНАҒАТТАНДЫРЫЛУДА

2015 жылдың бірінші жартыжылдығында Шығыс Қазақстан облысының прокуратура органдары азаматтардың және заңды ұйым өкілдерінің арыздарын қарау бойынша елеулі жұмыс жүргізді.

Мысалы, 2015 жылдың 6 айы ішінде түскен 10863 арыздың 6578 мән-жайы бойынша қаралды. Шешілген арыздардың жалпы санынан 1864 немесе 28 пайыз арыз қанағаттандырылды. 1423 немесе 21 пайыз арыз қанағаттандырудан бас тартылды. 3291 немесе 50 пайыз арыз бойынша түсініктеме берілді.

Жүргізілген талдау прокуратура органдарына түсетін арыздардың басым бөлігі қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында заңдылықты қадағалау мәселелері бойынша шешілетіні анықталған. Әлеуметтік-экономикалық салада арызданушылар еңбек, жер, тұрғын үй қатынастары туралы заңдардың бұзылушылықтарына шағымданады.

Арыздарды қарау нәтижелері бойынша облыстың прокуратура органдары осы жылдың алты айы ішінде 3 ұсынымды орындаған, 31 наразылықты қанағаттандырған, 93 ұсынысты қараған, 1 талап-арыз қанағаттандырылған. Прокурорлық ықпал ету актілері бойынша 96 тұлға жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде 75 тұлға тәртіптік, 21 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 25 сотқа дейінгі өндіріс басталды.

Қалалық, аудандық және мамандандырылған прокурорлар қабылдауды күнделікті жүзеге асырады. Сонымен қатар, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектер, оған теңестірілген тұлғалар, көпбалалы аналар мен еңбек ардагерлері, зейнеткерлер мен облыстың шалғай жерлерінен келген азаматтар бекітілген қабылдау кестесінен тыс, кез келген уақытта қабылданады.

Прокуратура органдарында 33 сенім телефоны жұмыс істейді. Олардың 31 аудан прокуратураларында, ал екеуі облыс аппаратында орнатылған. Сондай-ақ, облыс прокурорының жеке сенім телефоны жұмыс істейді. Ол телефон бойынша азаматтар барлық заңбұзушылықтар туралы облыстың прокуратура органдарының бірінші басшысына тікелей шағымдана алады.

Мәлімет үшін облыс прокуратурасының сенім телефондарын жариялаймыз: 8 (7232) 24-55-62, 24-54-80. Сондай-ақ, барлық сұрақтар бойынша азаматтар Өскемен қаласы, Пермитин көшесі, 21 мекенжайында орналасқан облыс прокуратурасына хабарласа алатындықтарын ескертеміз.

Облыстық прокуратураның баспасөз қызметі.

Гендерлік саясат

ПІКІРЛЕРІН ОРТАҒА САЛДЫ

Аудандық ардагерлер үйінде өткен дөңгелек үстелде облыстан келген заңгерлер мен психолог мамандар еліміздегі гендерлік теңдік және отбасы құндылығы төңірегінде әңгіме өрбітті.

Облыстық іші істер департаменті әкімшілік полиция бөлімінің әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықпен күрес тобының аға инспекторы Зарина Әлімжанова соңғы жылдары ауылдарда әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету фактілері жиілеп кеткенін айтты. Мысалы, бір жылда тіркелген 30-40 фактінің басым бөлігі ауылды мекендерде орын алыпты. Мұндай тәртіпбұзушылықтың басты себебі отбасындағы маскүнемдік болып отыр. Шара барысында жергілікті полиция қызметкерлері мен мектеп психологтары осы бағытта жұмыс істеп жатқандарын тілге тиек етті.

Семинарда талқыланған тағы бір мәселе – діни экстремизмнің алдын алу шаралары болды. Қазақ инновациялық-гуманитарлық университетінің оқытушысы А.Қайырбекұлы соңғы жылдары, әсіресе, ауылды жерлерде ата-аналардың баласына өзге жат пиғылды дінді өз баласына үйретуі белең алғанын өкінішпен жеткізді. Мұндай фактілер Қарағанды облысында тіркеліпті. Осы орайда жиналғандар мектептердегі психолог мамандар осы бағытта түсіндіру жұмыстарын мейлінше белсенді жүргізулері керек деген пікірлерін ортаға салды.

Көшпелі топ өкілдері бұдан кейін аудандық ауруханада болып, дәрігерлерге ана мен бала өмірін сақтап қалу тұрғысында кеңестерін берді. Облыстық ана мен бала орталығының бас дәрігері Рая Рахимова ана мен бала өлімін азайту мақсатында атқарылар жұмысқа орай ой қорытты.

Қадырбек Кәкімұлы.
Тарбағатай ауданы.

Патриоттық тәрбие

ЕСКЕРТКІШКЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЙДЫ

Өскемен қалалық жастар орталығы мен алғашқы әскери дайындық пәнінің ұстаздарының ұйымдастыруымен «Айбын» әскери-патриоттық бірлестігінің тәрбиеленушілері салтанатты түрде ант қабылдады.

Аталмыш шара барысында «Айбын» әскерипатриоттық бірлестігінің тәрбиеленушілеріне алғыс хаттар мен ынталандыру сыйлықтары табысталды. Бұл рәсімге қалалық мәслихат депутаты О.Тлеуқенов пен қорғаныс істері департаментінің басшысы А.Сақауов, жастар орталығының директоры Р.Ахметжанов, тыл ардагерлері қатысты.

Шараны ұйымдастырушылардың бірі, №24 орта мектептің ұстазы, майор Сергей Микшиннің айтуынша, «Айбын» әскери-патриоттық бірлестігінің құрамына сол жақ жағалауда орналасқан №24, 26, 42, 45 мектептер кіреді екен.

– Бұл бірлестіктің басты мақсаты – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жауынгерлердің ерлігін келешек ұрпаққа насихаттап, балаларды отансүйгіштікке үйрету болып табылады. Сондай-ақ, біз оқушыларды салауатты өмір салтын ұстанумен қатар, олардың ойлау қабілетін жоғарылатуға баулимыз, – дейді Сергей Микшин. Шара соңында айбындықтар Ұлы Отан соғысы мен Ауған соғысынан оралмаған майдангерлерді бір минут үнсіздікпен еске алып, ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Ажар Сағатбекова.

ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕН ЖҮР

Өскеменде облыстық Жастар орталығының және Ауған соғысы ардагерлері кеңесінің ұйтқы болуымен «Жастарға патриоттық тәрбие берудегі Ауған соғысы ардагерлерінің рөлі» тақырыбында конференция ұйымдастырылды. Оның жұмысына «Халық қаһарманы», Парламент Мәжілісінің депутаты Бақытжан Ертаев қатысты.

Оған қатысушылар алдымен Е.Славский атындағы жағалаудағы Ауған соғысы ардагерлеріне арналып ескерткішке гүл шоқтарын қойып, қыршын кеткен боздақтарды еске алды.

Конференцияда Бақытжан Ертаев жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде Ауған соғысы ардагерлері ауқымды жұмыстар атқарып жатқанын атап өтті.

– Сіздердің осы әскери киіммен жүрген келбеттеріңіздің өзі жастарға үлкен рух беріп, жігерлерін жаниды. Олардың бойына патриоттық сана-сезімді қалыптастырады. Сол арқылы әскерге баруға, Қарулы Күштер қатарында болып, әскери мамандықтарды таңдауға жол ашады. Сондықтан бірінші кезекте өзіміз жастарға үлгі болып, дұрыс жол көрсете білуіміз аса қажет. Әлемдегі соғыстардың тарихы әртүрлі болғанымен де, бәрінің табиғаты бір. Шығын шығады, адамдар қаза болады. Ауған соғысынан да талай жастарымыз оралмай қалды. Біз олардың есімдерін мәңгі есте сақтау шараларын өткізіп, ерлікті жолдарын жастарға насихаттап, жеткізуіміз керек. Осы отырған ардагерлердің бәрі де бейбіт күннің қаншалықты қиындықпен келетінін жақсы түсінеді, – деді Бақытжан Ертаев.

Сондай-ақ, жиналған жастарды ата-аналарын қашанда сыйлай білуге, ерінбей еңбек етуге, жастық шақта білім алуға, тіл үйренуге, жалқау болмауға шақырды. Оған мысал ретінде өзінің балалық шағындағы қиындыққа толы өмір жолдарын әңгімелеп, бүгінгі биігіне тек еңбек арқылы жеткенін айтып берді.

Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектері облыстық кеңесінің төрағасы Мұхамметали Самылтыров өңірде атқарып жатқан шаруаларын баян етті. Оның айтуынша, 1979 жылдың 25-желтоқсаны мен 1989 жылдың 15-ақпаны аралығында 2226 шығысқазақстандық Ауғанстанда әскери борыштарын өтеуге шақырылса, солардың 88-і қайтып оралмаған. Үш адам хабар-ошарсыз кеткен. Олардың ішінде бес адам «Қызыл Ту», 205 адам «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталса, «Жауынгерлік қызметі үшін» медалін 280 жерлесіміз кеудесіне таққан. Тағы 120 шығысқазақстандық «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Ауған соғысы ардагерлеріне бүгінгі таңда денсаулықтарын түзету үшін Астана мен Алматы қалаларындағы ауруханаға тегін жолдама, мемлекеттік жәрдемақы беріледі. Бұдан бөлек облыстық бюджеттен жетінші жыл қатарынан бес мың теңге қаржылай көмек алып келеді. Көмір, дәрі алуға жеңілдіктер қарастырылған, жер, көлік салығынан босатылған. Оның айтуынша, бүгінде Өскемен, Семей, Риддер қалаларында, Бесқарағай, Үржар, Аягөз, Тарбағатай, Глубокое, Зырян, Күршім аудандарында жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру шаруалары жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Ауғанстан жерінде қаза болған сарбаздарға ескерткіштер тұрғызу ісі Көкпекті, Глубокое, Шемонайха, Зайсан, Күршім, Ұлан аудандарында сәтімен жүзеге асқан. Қалған аудандар да осы шаруаға көңіл бөлетін уақыт әлдеқашан жеткендей.

Сондай-ақ, Ауған соғысы ардагерлерінің Өскемен қалалық ұйымы төрағасының орынбасары Олег Фролов, Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектерінің Семей қалалық ұйымының төрағасы Боранбай Бегетов, «Қарулы Күштер ардагерлері» республикалық ұйымы облыстық филиалының төрағасы Төкен Біләлов жастардың бойында патриоттық тәрбиені қалыптастыру жөнінде ой бөлісті. Ал жастар атынан сөз алған, Отан алдындағы әскери борышын өтеуге аттанып бара жатқан Д.Тоқтаров өз қатарластарын аға буынның үлгілі жолын лайықты жалғай білуге шақырды. Конференцияда облыстағы Ауған соғысы ардагерлері ұйымдарының бір топ белсенді мүшесі естелік медальдармен және облыстық ардагерлер кеңесінің грамотасымен марапатталды.

Дәурен Аллабергенұлы.

РУХАНИ КЕЛІСІМ ФОРУМЫ ӨТКІЗІЛДІ

Өскемен қалалық ішкі саясат бөлімі мен жастар орталығының ұйымдастыруымен Рухани келісім форумы өткізілді. Оған қаладағы діни бірлестік өкілдері қатысты.

Аталмыш форум барысында қала әкімінің орынбасары Бұлбұл Бакинова Рухани келісім күні аясында конфессияаралық келісімді нығайтуға қосқан үлесі үшін әртүрлі діни бірлестік өкілдері мен пікір алмасу-сараптамалық қоғамдық ұйымын қала әкімінің алғыс хаттарымен марапаттады.

Форумда сөз алған облыстық мешіттің бас имамы Нұрлан қажы Байжігітұлы ұлтаралық және конфессияаралық келісімді сақтаудың маңызы зор екендігін атап көрсетті. Ал Өскемен және Семей епархиясының епископы Амфилохий бейбітшілік, тұрақтылық, толеранттылық көпұлтты еліміздің басты ерекшелігі екендігін айтты.

Форум соңында жиналған қауымға қазақ және орыс халқының әндері ұсынылды. Сахнада шырқалған музыкалық шығармалар

арасында әсіресе, «Злата» ансамблінің «Любо мне», «Инкорро» вокалды тобының «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Радэ» тобының «Рақмет саған, туған ел» сияқты әндері жиналған қауымның ерекше қошеметіне ие болды.

Сондай-ақ, ағайынды Абдуллиндер атындағы музыкалық училищенің камералық хорының орындауындағы «Богородицы дево радуйся» әні мен облыстық драма театры жастар труппасының орындауындағы «Таухит» шығармалары да көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, мерекенің сәнін келтірді. Сахна төрінде мың бұрала билеген «Пируэт» хореографиялық тобының бишілері де көрермендердің ерекше ықыласына бөленді. Бұл күні «Тарих және қазіргі заман» атты көрме өткенін айта кеткен жөн.

Ажар Сағатбекова.



2015 ЖЫЛДЫҢ 1 ТАМЫЗЫНА «ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ-2020» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

БІРІНШІ БАҒЫТ «ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ТҮРІНЕН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

2015 жылы **13 792,9** млн.
теңге бөлінді

Ауылдық жерлерде

546
инфрақұрылымдық жобаларды
жүзеге асыру қарастырылған

Қосымша жұмыс
орындарын ашу | **8 094**

2015 жылдың 1 тамызына

6 628 адам
инфрақұрылымдық жобаларда
жұмысқа орналастырылды

3 528
бағдарламаға
қатысушы



жұмысқа
орналастырылғандардың
53,2 -ы

(Соңы. Басы газеттің 3-бетінде)

		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7215,0
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	0,0
		006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	0,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	47568,0
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	47568,0
11			Өнеркәсіп, саулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	230,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) саулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	230,0
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	230,0

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі 32/254-V шешіміне 6 қосымша Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №28/206-V шешіміне 10 қосымша

Ауданның жергілікті атқарушы органдарының резервінен бөлінген қаражат

Функционалдық топ					2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				Сомасы (мың теңге)	Сомасы (мың теңге)	Сомасы (мың теңге)
	Бағдарлама						
		Кіші бағдарлама					
			Атауы				
1	2	3	3	4	5	5	5
				П. Шығындар	3000,0	4897,0	4897,0
13				Басқалар	3000,0	4897,0	4897,0
	459			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3000,0	4897,0	4897,0
		012		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	3000,0	4897,0	4897,0
			100	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының төтенше резерві	3000,0	4897,0	4897,0

Спорт**Үмірт артар боксшылар**

Таяуда Өскемен қаласында 2000-2001 жылы туылған ұлдар арасында бокстан облыстық чемпионат өтті. Жарыстың басты мақсаты – салауатты өмір салтын және жасөспірімдер арасында спорттың бокс түрін насихаттау болды.

Чемпионат қорытындысы бойынша ауданымыздың жас спортшылары, БЖСМ тәрбиеленушілері Ділдахан Тауас 52 кг салмақ дәрежесінде 3 орын, Тимур Аман-

гелдинов 75 кг салмақта 2 орын иеленді. Олардың жаттықтырушылары Р. Илиясов, Р. Досанов алдағы уақытта шәкірттеріне үлкен үміт артуда.

Жеңімпаздарға ШҚО дене шынықтыру және спорт басқармасының грамоталары мен медальдары табыс етілді.

Өз тілшіміз.**АРНАУ**

56 жасында ауыр науқастан соң дүние салған бауырым ЖАДРИНОВ МАРАТ ЖӘНІБЕКҰЛЫНЫҢ рухына арнаймын.

Кеттің мені жалғыз тастап бауырым,
Мен түсіндім сенсіз күннің ауырын.
Болса дағы нағашы, жиен, қарындас,
Жетімсіреп тұр ғой туған ауылың.

Қиналғанда енді кім жұбатар,
Қимай сені жылап ақты бұлақтар.
Не себепті болды қысқа ғұмырың?
Мазалайды жауабы жоқ сұрақтар.

Неткен ауыр жалғыздықтың азабы,
Жанға батып, алып жатыр мазаны.
Кім ойлаған мұндай күннің туарын,
Ойлағанмен кім жеңеді қазаны?!

Бауырым, өзің едің қуанышым, базарым,
Бұл өмірде бірі едің тазаның.
Топырағың торқа, жаның жәнатта,
Жайлы, жарық болсын сенің мазарың.
Қайырхан Жадринов.
Солоновка ауылы.

ЕСКЕ АЛУ

Жамбыл ауылының тұрғыны болған абзал азамат, адал дос, сүйікті жар, ардақты әке РАХИМБАЕВ ҚАМЗАБЕК ЗАМАНҰЛЫ арамыздан алыстап кеткеніне он екі жыл болды. Ажал құрығы іліп әкетпегенде, **4 қарашада 60 жасқа толар еді.**

Өттең әкеміздің бүгін арамыздағы жоқтығы жанымызға батады... Өлім қапыл, ажал бол-жаусыз. Дей тұрсақ та, әулет арасында сыйлы, жолдас, замандас, әріптестері арасында беделді болған асыл әкеміз Қамзабек Заманұлын өлім түгіл артық сөзге де қимаймыз. Амал қанша, жазмыштан озмыш жоқ деген осы. Біздің асқар тауымыз дана ақылшымыз едің-ау жан Әке! Сенгіміз келмесе де, тағдырдың жазуын мойындамасқа шарамыз жоқ.

Әкешім, рухыңыз разы болсын, жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз торқа болып, Пейіште нұрыңыз шалқысын.

Сіздің жарқын бейнеңіз есімізде мәңгілікке сақталады.

Әкешім, шаңыраққа болған пана,
Жамандық қылмап едің ешбір жанға.
Амал не, жоқсың бүгін ортамызда,
Сағындық, әке, сізді баршамыз да.
Жан әке, ұл-қызыңның тірегі едің.
Аман болсаң жарқылдап жүрер едің.
Амал жоқ, Алланың бұл жазғаны да,
Мәңгілік ажалға еріп жүре бердің.
Қамқор болып, ақыл құйған санаға,
Әкеден қымбат жан бар ма екен балаға.
Мәңгілікке қоштасқанға қимаймыз,
Жан әкеміз, сіздің орныңыз тола ма?!

Еске алушылар: зайыбы, балалары, туған-туысқандары.

Құттықтаймын!

Катонқарағай ауылының тұрғыны, үш қызымның анасы, зайыбым Абраимова Бакты-Валаяны 7-қарашада болатын туған күнімен шын жүректен құттықтаймын!

*Отбасымның сом алтындай тірегі,
Болмысынан мейірімді жүрегі.
«Сендей жанға теліну де зор бақыт», -
деп әлемге жар салғым-ақ келеді.*

*Үйде әйел, сыртқа шықсаң ер болып,
Қуаныш пен қайғыны да тең бөліп.
Мені сүйреп бұл өмірде келесің,
Тағдыр салған мына іске сен көніп.*

*Көп алдында, ар алдында бас иіп,
Жүрекжарды алғысымды айтамын.
Маған еткен жақсылығыңа Валяжан,
Алла тағаладан болсын қайтарым.*

**Жасың ұзақ, денің сау, бауырың бүтін болсын!
Ізгі ниетпен: жұбайың Оразхан.**

**АУА РАЙЫ**

05 қараша, Сенбі,
Түнде -7, -7
Күндіз 0, -2



07 қараша, Дүйсенбі,
Түнде -2, -1
Күндіз +4, +2.



06 қараша, Жексенбі,
Түнде -4, -3
Күндіз +3, +2



08 қараша, Сейсенбі,
Түнде 0, +1
Күндіз +4, +2.



«Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне» төмендегідей мамандар қажет:

-есепші - 2 бірлік (1 бірлік - уақытша декреттік демалыстағы маманның орнына, 1 бірлік тұрақты жұмыс орнына).

Қойылатын талаптар: жоғары білімді немесе арнайы орта білімділер де жіберіледі. Телефон: 8 723 41 2-14-53.

ҚҰРМЕТТІ ҮЛКЕН НАРЫН ЖӘНЕ КАТОНҚАРАҒАЙ
АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҰРғындары мен қонақтары!

2015 жылдың 2-6 қарашасы күндерінде Үлкен Нарын ауылында, 7-12 қараша аралығында Катонқарағай ауылында тұрмыстық және компьютерлік техникаларды саудалау бойынша MAREX (Павлодар қ-сы.) дүкенінің жәрмеңкесіне шақырамыз!

ЕҢ ТӨМЕНГІ БАҒАЛАРМЕН:

Теледидарлар, тоңазытқыштар, мұздатқыштар, электр қуатымен, газбен және электр қуатымен жұмыс істейтін плиталар, мультиваркалар, ет тартқыштар, микроволновкалар, кір жуатын машиналар, шаңсорғыштар, ноутбуктар, планшеттер, цифр. фотоаппараттар, ұялы телефондар және тағы басқалар!



Сондай-ақ, тауарлардың бағасын 24 айға бөліп төлеуге болады! (Kaspi Bank, тек жекебас куәлігі қажет).

Сіздерді көптеген сыйлықтар күтіп тұр!

Сіздерді 2-6 қараша күндерінде Үлкен Нарында, 7-12 қараша күндерінде Катонқарағайда күтеміз! Тел. 87019377019.

«Әбдікерім атындағы Шыңғыстай орта мектебі» КММ-не төмендегідей маман қажет:
-бухгалтер - 1 бірлік.

Үлкен Нарын ауылының орталығында орналасқан **қызмет жасап тұрған дүкен** сатылады. **Тел. 8705282-42-48; 87719914509.**

Зауытта жасалған КУН-10 сатылады. **Бағасы келісім бойынша. Тел. 87789811067; 9-2-04-92 (Өрнек).**

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і. Директоры Н.Қ. Қуантаев	Компьютерлік беттеу операторы: Жайдары Нұрғазина Газет нөмірі бойынша кезекші: Жанар Қасымханова	Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай» - «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті бас редакторының м.а. Шамиль Багаутдинов	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru	Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352. Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1665, «Луч»-1270. № 5772